

«АБОНЕНТКЕ ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК БЕРУ» ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕСІ

Осы Ереже «Кселл» АҚ (бұдан әрі - Оператор) абоненттеріне «Абоненттерге өзіне-өзі қызмет көрсетуге технологиялық қолжетімділік беру» қызметін ұсыну тәртібін реттейді.

1. АНЫҚТАМАЛАР:

1.1 **Абонент** - байланыс қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан және Абоненттік нөмір бөліп берілген «Кселл» АҚ корпоративтік абоненті болып табылатын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға.

1.2 **Абоненттік нөмір** - ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес байланыс қызметтерін көрсету туралы шарт жасасу кезінде Абонентке бөлінген нөмір

1.3 **Байланыс қызметтерін көрсету туралы шарт** - Оператордың сайтында орналастырылған Байланыс қызметтерін көрсету туралы жария шарт.

1.4 **Өтініш** - «Абонентке өзіне-өзі қызмет көрсетуге технологиялық қолжетімділік беру» қызметін қосуға байланысты Операторға жіберілетін, осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын және Корпоративтік Абонент осы Ережеге № 1 қосымшада («Абонентке өзіне-өзі қызмет көрсетуге технологиялық қолжетімділік беру» қызметін қосуға өтініш) көзделген нысан бойынша ресімдейтін Корпоративтік Абоненттің жазбаша өтініші.

1.5 **Оператор Сайты** – Оператордың Интернет желісіндегі мына мекенжайлардағы ақпараттық ресурсы: Kcell - www.kcell.kz; activ - www.activ.kz

1.6 **«Абонентке өзіне-өзі қызмет көрсетуге технологиялық қолжетімділік беру» қызметі** (бұдан әрі - Қызмет) - Оператор іске асыратын және Абонентке өзінің абоненттік нөмірлері бойынша кешенді қашықтықтан өзіне-өзі қызмет көрсетуге, оның ішінде: өз абоненттік нөмірлерін өз бетінше бұғаттауға, бұғаттан шығаруға, тізімді алуға және олар бойынша қалпын білуге, өзінің абоненттік нөмірлері бойынша қосылған байланыс қызметтерінің шарттары бойынша ақпаратты алуға, қосымша байланыс қызметтерін қосуға/өшіруге қол жеткізуге, сондай-ақ SIM картаның форматын eSIM форматына дербес ауыстыруға мүмкіндік беретін технологиялық қолжетімділік.

1.7 **Есептік деректер** - Қызметке қауіпсіз қол жеткізу үшін Оператордың Абонентке ұсынған кілттер, логиндер мен токендер.

2. ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІ ҰСЫНУ ШАРТТАРЫ

2.1. Оператор Қызметті осы Қағидаға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынады. Абонентке Қызмет көрсету мүмкіндіктері мен шарттарын Оператор өз бетінше анықтайды.

2.2. Абоненттің Өтініші негізінде Оператор Абонентке Қызметті пайдалану кезінде авторизациялау үшін пайдаланылатын Есептік деректерді пайдалануға бөледі.

2.3. Есептік деректердің қолданылуын Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Ережеде белгіленген жағдайларда Оператор тоқтата тұруы мүмкін.

2.4. Қызмет осы Қағидаларды сақтаған жағдайда, автоматты режимде Техникалық шешім арқылы ұсынылады.

2.5. Қызметтерді Операторға, Абонентке немесе өзге де үшінші тұлғаларға тікелей немесе жанама залал келтіруі мүмкін мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады. Осындай фактілер анықталған жағдайда Оператордың Абонентке алдын ала хабарлаусыз Қызмет көрсетуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқығы бар.

2.6. Оператор Абоненттің верификацияланған электрондық поштасына хабарлама жіберу жолымен немесе Оператордың қалауы бойынша өзге де тәсілмен Қызметті пайдаланатын Абонентке бұл туралы хабарлай отырып, оның жұмысын уақытша тоқтата тұрып, Қызметтердің бағдарламалық-аппараттық кешенінде профилактикалық жұмыстар жүргізуге құқылы.

- 2.7. Оператор кез келген уақытта Қызметті өз қалауы бойынша өзгертуге және жақсартуға құқылы.
- 2.8. Оператор Қызметті рұқсатсыз пайдалану немесе шарттарды бұзу анықталған кезде бұзушылықтар жойылғанға дейін Қызметке қол жеткізуді тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.
- 2.9. Оператор Абонент тарапынан күдікті белсенділік анықталған жағдайда нақты мән-жайлар анықталғанға дейін Абоненттің Қызметке қол жеткізуін уақытша шектеуге құқығы бар.
- 2.10. Абонент Қызмет шеңберінде Абонент жасайтын іс-әрекеттер Абоненттің байланыс/сервистер қызметтерін алуға арналған жазбаша өтінішіне теңестіріледі және заңды күші болады деп келіседі.
- 2.11. Абонент үшінші тұлғалардың Қызметке рұқсатсыз қол жеткізуін және тараптар үшін қандай да бір жағымсыз салдардың туындауын болдырмау үшін Есептік деректерді құпия сақтауға міндеттенеді.
- 2.12. Абонент Қызмет шеңберінде ұсынылатын ақпараттың, сондай-ақ Абонент Абоненттің верификацияланған электрондық пошта мекенжайына Есептік деректерді алған сәттен бастап Қызметке қол жеткізу үшін деректердің сақталуына толық жауапты болады.
- 2.13. Абонент Қызметтерді Шарт шеңберінде ғана пайдалануға міндеттенеді.
- 2.14. Ақпараттық қауіпсіздік оқиғасы болған жағдайда Абонент Операторды дереу хабардар етуге және оқшаулау және салдарды жою шеңберінде онымен өзара іс-қимыл жасауға міндеттенеді.
- 2.15. Абонент Қызметті Оператордың мүдделеріне зиян келтіріп немесе осы Ережеде көзделмеген мақсаттарда пайдаланбауға міндеттенеді.
- 2.16. Абонент ұсынылатын сервистерге қатысты барлық мәселелер бойынша Операторға электрондық пошта арқылы email@kcell.kz электрондық мекенжайына жүгінеді және жауап беру абоненттерге қызмет көрсетудің стандартты рәсіміне сәйкес жүзеге асырылатынына келіседі.
- 2.17. Қызметті ұсыну шеңберінде берілген барлық техникалық және ұйымдастырушылық ақпарат құпия болып саналады және оны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қоспағанда, екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз жария етуге болмайды.
- 2.18. Осы Ережені Оператор Интернет желісінде Оператордың сайтында жариялайды және оны Қызметтерді қосуға Өтініш берген сәтте Абонент қабылдаған болып есептеледі.
- 2.19. Ереже Абонент үшін Абоненттің верификацияланған электрондық поштасының мекенжайына есептік деректерді алған сәттен бастап күшіне енеді және қолданылады.
- 2.20. Осы Ережеде көзделмеген қалған барлық жағдайларда Тараптар Шартты және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.
- 2.21. Тараптар арасында пайда болуы мүмкін даулар мен келіспеушіліктердің барлығы келіссөздер арқылы шешіледі. Оларды шешу мүмкін болмаса, даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Оператордың орналасқан орны бойынша сот тәртібімен шешіледі.

3. ЕРЕЖЕГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Осы Ережеге өзгерістер мен (немесе) толықтырулар Оператордың шешімі бойынша біржақты тәртіппен енгізіледі.
- 3.2. Осы Ережеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар мәтінін не олардың жаңа редакциясын Оператор тиісті ақпаратты Оператордың Веб-ресурсында жариялау арқылы жалпы жұрттың назарына жеткізеді.
- 3.3. Осы Ереже қағидалары, сондай-ақ олардың кейінгі редакциялары Қызметтің барлық пайдаланушылары үшін міндетті болып табылады.
- 3.4. Осы Ережеде көзделмеген барлық өзгелерде Шартты басшылыққа алған жөн.

«Абонентке өзіне-өзі қызмет
көрсетуге технологиялық
қолжетімділік беру» қызметін
пайдалану ережесіне № 1
қосымша

«Кселл» АҚ Бас атқарушы
директорына

«Абоненттің өзіне-өзі қызмет көрсетуіне технологиялық қолжетімділікті беру» қызметіне қол
жеткізуді беруге өтініш

Осымен, ҰЙЫМ АТАУЫ (бұдан әрі - Компания) Сізден Компанияға ресімделген
абоненттік нөмірлер бойынша «Абонентке өзіне-өзі қызмет көрсетуге технологиялық
қолжетімділікті беру» қызметін (бұдан әрі - Қызмет) қосуды сұрайды және байланыстары
төменде көрсетілген тұлғаның Қызмет әкімшісі болып тағайындалғанын және заңды тұлғаның
деректерін алуға және басқаруға, «Кселл» АҚ белгілеген Қызмет пайдалану шарттарын сақтай
отырып, Компанияның атынан және мүддесінде заңды тұлғаның нөмірлері бойынша
операциялар жүргізуге уәкілетті екенін хабарлайды.

Компания:	
Компанияның БСН:	
Мекенжайы:	
Қызмет әкімшісінің Т.А.Ә.:	
Қызмет әкімшісінің лауазымы:	
Әкімшінің абоненттік нөмірі:	
Электрондық мекенжай:	

Компания әкімшінің Қызметке қол жеткізген сәтінен бастап Қызмет шеңберінде
ұсынылатын қызметтік ақпараттың, сондай-ақ Қызметке қол жеткізуге арналған деректердің
сақталуына толықтай дербес жауапты болады. Компания сондай-ақ Қызметті пайдалану үшін
әкімшіге барлық қажетті деректерді беру Компанияның Компания бойынша ақпаратты беру
шеңберінде оған келісім беруін білдіретіндігімен, ал Қызмет шеңберінде әкімші жасайтын іс-
әрекеттер заңнамаға сәйкес мұндай өтініш талап етілген жағдайларда Компанияның өтінішіне
теңестірілетіндігімен келіседі.

Компания Қызметті пайдалану ережесімен танысқанын растайды және сол арқылы олардың
барлық шарттарымен келісетінін растайды.

Қол қоюшының лауазымы

ҚОЛЫ
М.О.

Қол қоюшының Т.А.Ә.